

## «№2 Бадамша орта мектебі» КММ-нің Қамқоршылық кеңесінің

### №3 Хаттамасы

Өткізілген күні: 18.03.26 ж.

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Базарбаева Лиза Бақытбаевна, Қамқоршылық кеңесінің орынбасары Аққұл Айнур Қырымқызы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Шайжанова Қалампыр, Токтаров Альбек Асанович, Құмар Нұрсәт Ғаниұлы.

**Шақырылғандар:** мектеп директоры А.Дюсекова, ДТІЖ орынбасарлары Б.Мұхтар, Р.Мусабекова және әлеуметтік педагог З.Уксукбаева.

#### Күн тәртібі:

1. Жетім, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасындағы балалардың материалдық-тұрмыстық жағдайларына рейд жұмыстарын жүргізу туралы. / Әлеуметтік педагогі З.Уксукбаева/.
2. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын – алу туралы / ДТІЖ орынбасары Б.Мұхтар/.
3. Білім беру ұйымында «Қауіпсіз мектеп» оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау жұмыстары туралы. /Мектеп директоры А.Е.Дюсекова/.
4. Өз еркімен қоғамға пайдасын тигізу мақсатында «BIRLIK» еріктілер клубының мүшелерімен ардагер ұстаздарға көмек көрсету туралы. /ДТІЖ орынбасары Р.Мусабекова/.

#### Бірінші сұрақ бойынша Әлеуметтік педагогі З.Уксукбаева:

- Біздің мектепте жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ. Аз қамтылған отбасыларынан шыққан 27 бала. Биыл балалар жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржылай көмек алды, балалар тегін ыстық тамақпен қамтылды. Жетім, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасылардағы балалардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын зерделеу мақсатында жүйелі түрде рейдтік жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты — балалардың өмір сүру жағдайын бақылау, олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда әлеуметтік көмек көрсету.

Рейд барысында мамандар отбасының тұрмыстық жағдайымен танысып, баланың оқуына, денсаулығына және жалпы дамуына қажетті жағдайлардың бар-жоғын анықтайды. Сонымен қатар, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қажетті кеңестер беріледі. Анықталған мәселелер бойынша тиісті органдарға хабар беріліп, нақты көмек көрсету шаралары ұйымдастырылады. Бұл — материалдық көмек, психологиялық қолдау немесе әлеуметтік қызметтерге бағыттау болуы мүмкін. Осындай рейдтік жұмыстар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың толыққанды дамуына жағдай жасауға және әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі болып табылатындығын жеткізді.

#### Келесі сұрақ бойынша сөз алған ДТІЖ орынбасары Б.Мұхтар:

- Құқықбұзушылықтың алдын алу – болашаққа салынған инвестиция №2 Бадамша орта мектебінде бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінеді.

Бүгін біз өте маңызды тақырыпта жиналып отырмыз. Құқықбұзушылықтың алдын алу. Бұл тек заң мәселесі ғана емес, бұл – тәрбие, жауапкершілік және саналы таңдау мәселесі. Қоғамдағы әрбір құқықбұзушылық – кездейсоқ емес. Оның артында түсінбеушілік, бақылаусыздық немесе дұрыс бағыттың болмауы жатады. Ал оның алдын алу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Осы орайда мектебімізге арнайы келген кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспектор Молдагереев Ануарбек мырзаның орны ерекше. Ол кісі күнделікті тәжірибесінде жасөспірімдердің түрлі жағдайларымен бетпе-бет келеді және бізге нақты мысалдар арқылы үлкен сабақ бере алады.

Заңды білу – міндет, ал оны сақтау – әр адамның борышы. Кейде бір ғана қате шешім болашаққа үлкен әсер етуі мүмкін. Сондықтан әр әрекетіңізді ойланып жасау керек. Қиын жағдайда үлкендерден көмек сұраудан қорықпаңыз құқықбұзушылықтың алдын алу – өзіңізді қорғау. Кездесуде пайдалы ақпарат беріп қана қоймай, өмірлік дұрыс бағыт таңдауға көмектесетінін және мектепішілік есепте-1 оқушы. ІІБ-де 1 оқушы есепте тұр. Бекітілген тәлімгері бар. Класс жетекшісі күнбе-күн бақылауда ұстайды. 1 оқу ж/ж-да 4 профилактикалық отырыс өткенін айтты.

### **Үшінші сұрақ бойынша сөз алған мектеп директоры А.Дюсекова:**

-«Қауірсіз мектеп» акциясы – бұл оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық шара. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында жалпы мектепте 32 бейне бақылау камера бар. Мектептің сыртында 12-і, мектептің ішінде 20 бейне бақылау камерасы орнатылған. Мектептің ішкі және сыртқы аумақтарын бейне камера арқылы бақылауға болады және жазылған бейне 90 күнге дейін сақталады. Көп оқушылар жүретін жерлер спорт зал, Акт зал, асхана, балалардың киініп, шешінетін бөлмелерінде, дәліздерде және далада, мектептің гараж жағында, спорт алаңы жағында, мектептің алдыңғы жағын бейне бақылау камерасымен қамтамасыз етілді. Мектептің бейне бақылау камералары жаңа және цифрланған. Мектепте «TIGR Security» ЖШС әскерленген күзет бар. Үш күзетші бар және күні-түні кезектесіп жұмыс жасайды. Екеуі зейнет жасында, ал біреуі әлі зейнетке шықпаған. Мектепте екі «Алақан» турникет орналасқан. Аудандық білім бөлімі шартқа отырып келесі оқу жылынан бастап «Алақан» турникет жұмыс жасайтын болады және асханаға тамақтанар алдында бастауыш сыныптарынан 193 бала және статусы бар отбасыларынан шыққан 5-11 сыныптарында оқитын 14 бала тамақтанады. Күнделікті балалардың тамақтанғанын «Алақаннан» көруге болады. Сонымен қатар, 23 техперсонал, әр бір этажда екі еден жуушы және дәретхана жуатын екі еден жуушы бар. Спорт залды жуатын бөлек адам бар. Мектеп медбикесі бар. Медбике таңертен балаларды есік алдынан күтіп алып, температураларын тексереді. Егер де балада температура немесе жарақатталған жерлері болып жатса ата-аналарына ескертіліп, үйіне жібереді, аудандық ауруханаға баруына кеңес береді. Мектепте бір әлеуметтік педагог бар- З. Уксукбаева, бір мектеп психологі бар- И.Шамилова, бір логопед- Ж.Турмухамбетова балалармен тығыз жұмыс жасайды. Мектепте 58 мұғалім, 23 техперсонал. Қызметкерді жұмысқа қабылдар алдында Құжат ҚР Бас Прокуратурасы ҚСЖАЕК "Талдау орталық" жүйесіне сол адамның куәлігі тексеруге жіберіледі. Бір күннің ішінде сол адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, жасамағандығы туралы талаптар қорытындысының нәтижесі бойынша жұмысқа қабылданатындығын айтты. Сонымен қатар, екі мектеп алды даярлық топбын қоса алғанда барлығы 29 класс комплект. Мектеп алды даярлық кластарын алмағанда, 27 класс комплект. Әр бір класс жетекші тәрбие сағаттарында қауіпсіздік сабақтарын өткізеді. Бастауыш, орта буын, жоғары сыныптарына арналған Қауіпсіздік сабағының жоспары бар. Жоспар негізінде сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар, класс жетекшілері Қауіпсіздік сабақтарында оқушыларға егер де қандайда да бір төтенше жағдай болған уақытта өздерін қалай ұстау керек екендігі туралы түсіндіріп, айтады.

**Төртінші сұрақ бойынша сөз алған ДТІЖ орынбасары Р.Мусабекова:**

-№2 Бадамша орта мектебінде «BIRLIK» еріктілер клубы бар. Жетекшісі - А.Калменов, М.Кудабаев. «BIRLIK» еріктілер клубының құрамында 15 оқушы бар. 9-11 кластарының оқушылары өз еріктерімен қарт адамдарға жәрдемдеседі. Клубтың құрамындағы еріктілер қыс, көктем, күз мезгілдерінде жалғыз басты қариялардың үйлеріне барып, аулаларын тазартып, қоқыстарын шығаруға көмек көрсетеді.

**Шешім:**

1. Жетім, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасындағы балалардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру барысында класс жетекшілер, мектеп психологі, әлеуметтік педагогтің қатысуымен оқу жылында екі рет рейд жұмыстары жүргізілсін.
2. ДТІЖ орынбасары Б.Мұхтар, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен Зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу бойынша және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары (сын-ап сағаттары, кездесулер, тренингтер) тұрақты түрде ұйымдастырылып жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілсін және балалардың қауіпсіздігін ұйымдастырып, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары одан әрі жалғастырылсын.
3. Білім беру ұйымында оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары күшейтілсін және «Қауіпсіз мектеп» бойынша жүргізілген жұмыстарды мектеп директоры және Қамқоршылық кеңес мүшелері бақылауда ұстасын.
4. Өз еркімен қоғамға пайдасын тигізу мақсатында «BIRLIK» еріктілер клубының жеткшілері-А.Калменов, М.Кудабаев клуб мүшелерімен бірге ардагер ұстаздарға көмек көрсету жұмыстарын одан әрі жалғастырсын және ДТІЖ орынбасары Р.Мусабекова бақылауда ұстасын.

Қамқоршылық Кеңесінің төрайымы

Л.Базарбаева

Қамқоршылық Кеңесінің орынбасары

А.Аққұл

Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі

Қ.Шайжанова

Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі

А.Токтаров

Қамқоршылық Кеңесінің мүшесі

Н.Құмар

Хатшы

А.Нуржанова